**Экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастық пен алмасу жөніндегі Қазақстан - Италия жұмыс тобының 1998 жылғы қыркүйектегі бірінші отырысының барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 шілде N 914

Экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастық пен алмасу жөніндегі Қазақстан - Италия жұмыс тобының 1998 жылғы қыркүйектегі бірінші отырысының барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру, өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету, екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі кеңейту және жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастық пен алмасу жөніндегі Қазақстан - Италия жұмыс тобының 1998 жылғы қыркүйектегі бірінші отырысының барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары,

мемлекеттік комитеттері Іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Осы Іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 1 шілдедегі
N 914 қаулысымен бекітілген

Экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастық пен алмасу
жөніндегі Қазақстан - Италия жұмыс тобының 1998 жылғы
қыркүйектегі бірінші отырысы барысында қол жеткен

келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар
Жоспары

| N | Шаралар | Орындау нысаны |
| --- | --- | --- |
| 1. | Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әкелінетін өнімдерді (италия тарапынан) сертификаттаудың тәртібі мен рәсімін пысықтау | Келіссөздер жүргізу |
| 2. | - кредиттер беру жоспарындағы банктераралық қатынастарды<br>- италия кәсіпкерлерінің қатысуымен инвестициялық жобаларды кредиттеудің мүмкіндіктерін зерделеу | Келіссөздер жүргізу |
| 3. | Төмендегі салаларға инвестициялар тарту саласында ынтымақтастықтың басым бағыттары бойынша жобалар тізбесін әзірлеу:<br>- өңдеу өнеркәсібі;<br>- электр энергетикасы;<br>- аграрлық сектор;<br>- өндірістік және тұрғын үй құрылысы;<br>- сауда, қонақ үй бизнесі және туризм;<br>- шағын және орта кәсіпкерлік | Итальян бизнесінің өкілдерімен келіссөздер жүргізу |
| 4. | Кәсіпкерлікті дамыту жөнінде жағдайлар жасау үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру | Италияның тиісті ведомстволарымен әзірлеу |
| 5. | Италияның Қазақстандағы сыртқы сауда институтының (ИЧЕ) өкілдігімен және Италияның Шетелде бірлескен кәсіпорындар құру жөніндегі мемлекеттік мекемесімен (СИМЕСТ) бірлескен инвестициялық жобаларды жарнамалық-ақпараттық қолдауды ұйымдастырудағы ынтымақтастық | Келіссөздер жүргізу |

| | | |
|---|---|---|
| 6. | Кәсіпкерлік пен шағын бизнесті, машина жасауды, жеңіл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қолдауға және дамытуға арналған жеңілдік кредиттер беру мүмкіндігі туралы Италияның қаржы институттарымен (СИМЕСТ, ИСАЧЕ, ИЧЕ, Медио Кредито Чентрале, Конфиндустрия) келіссөздер жүргізу | Итальян фирмаларының сарапшыларын тарта отырып келіссөздер жүргізу |
| | Инвестициялық жобаларды кепілдеу үшін бірлескен қорлар жасау | СИМЕСТ-пен жұмыс байланысын жандандыру |
| 7. | Ауыл шаруашылығында, тұрмыстық қызмет көрсетуде және қоғамдық тамақтандыруда лизингтік компания құру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 8. | Білім беру бағдарламаларының бірлескен қорын жасау және мына тақырыптарға семинарлар өткізу: | |
| | 1. Италия-Қазақстан: Алматы қаласындағы бірлескен шағын бизнес проблемалары | Семинар |
| | 2. Қамсыздандыру және шағын бизнес: халықаралық тәжірибе және дамытудың келешегі | Семинар |
| | 3. Қазақстанның Бүкілдүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру проблемалары | Семинар |
| 9. | Тарату процесінде тұрған өнеркәсіптік кәсіпорын негізінде аймақтық бизнес-инкубатор құру жөніндегі сынақ жобаны жүзеге асыру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 10. | Қазақстанда жұмыс істейтін және ынтымақтастықты тереңдетуге мүдделі итальян фирмаларының үлестік қатысуы есебінен венчурлік қор жасау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 11. | Шаралар жоспары тармақтарының жүзеге асырылуы туралы ҚР Энергетика, индустрия және сауда | |

| | | |
|---|---|---|
| | министрлігіне есеп беру | |

таблицаның жалғасы

| Орындау мерзімі | Орындау үшін жауаптылар |
|---|---|
| 1999 жылдың III тоқсаны | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, (Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет), Сыртқы істер министрлігі |
| 1999 жылдың III тоқсаны | Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, Қазақстанның Эксимбанкі, Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Сыртқыісмині, Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (келісім бойынша) |
| 1999 жылдың III тоқсаны | Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, "Қазинвест" Республикалық мемлекеттік кәсіпорын, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (келісім бойынша), Көлік, коммуникация және туризм министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 1999 жылдың III тоқсаны | Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Әділет министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| Тұрақты | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, "Қазинвест" Республикалық мемлекеттік |

| | |
|---|---|
| | кәсіпорын |
| 1999 жылдың III тоқсаны | Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, Қазақстанның Эксимбанкі, Қаржы министрлігі, Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 1999 жылдың IV тоқсаны | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (келісім бойынша) |
| 1999 жыл Алматы қаласында | Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Қазақстан кәсіпкерлері форумының кеңесі (келісім бойынша), Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (келісім бойынша) |
| 1999 жыл Алматы қаласында | Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Қазақстан Республикасының Ұлттық банк, Сыртқы істер министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан кәсіпкерлері форумының кеңесі (келісім бойынша), Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (келісім бойынша), Қазақстан сақтандырушыларының одағы (келісім бойынша) |
| 1999 жыл | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 1999 жылдың IV тоқсаны | Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Шағын |

| | |
|---|---|
| | кәсіпкерлікті дамыту қоры (келісім бойынша), Қазақстан кәсіпкерлері форумының кеңесі (келісім бойынша) |
| 1999 жылдың IV тоқсаны | Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Қаржы министрлігі, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (келісім бойынша) |
| Тоқсан сайын | Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі, Сыртқы істер министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Әділет министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, Қазақстанның Эксимбанкі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, Көлік, коммуникация және туризм министрлігі, Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры (келісім бойынша), Қазақстан кәсіпкерлері форумының кеңесі (келісім бойынша), Қазақстан сақтандырушыларының одағы (келісім бойынша), "Қазинвест" Республикалық мемлекеттік кәсіпорын |

Оқығандар:
Орынбекова Д.
Кобдалиева Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК